



Ашық есік күні



Құрметті қала тұрғындары!

2022 жылдың 8 тамыз күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаев «Ашық есік» күні аясында тұрғындарды қабылдау өткізеді.

Анықтама үшін телефондар:
5-30-06

Уважаемые жители города Приозерск

8 августа 2022 года с 15.00-до 19.00 часов в Центре детско-юношеского творчества «Достық» состоится прием граждан акимом города Приозерск С.Сатаевым в рамках «Дня открытых дверей»

Телефон для справок:

5-30-06

Приозерск қаласының
әкімдігі
Акимат города Приозерск

Қала жастары

“Жасыл ел” сарбаздары мен “ЭКОСАРБАЗ” жасақтарының жұмыстары


Жасыл ел” сарбаздары мен “ЭКОСАРБАЗ” жасақтары қала аумағында абағандыру, шөп шабу, құраған бұталарды кесу, көшелер мен көл жағалауын қоқыстан арылту, сонымен қатар сырлау жұмыстарын жүргізеді. Аталған «Жасыл ел» мен “ЭКОСАРБАЗ” жасақтары аптаның жұмыс күндері күн сайын 8 сағат бойы күннің ыстығы мен ауа-райының қолайсыздығына қарамастан қала аумағында қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізеді. Баршаңызды «Қоқыс менікі емес, бірақ қала біздікі» атты ұстаныммен еңбек ететін жастардың еңбегін бағалауға шақырамыз



Баршаңызды қаламызды, ауламызды, көліміздің жағалауын таза ұстауға шақырамыз «Егер тұрып жатқан қалаң лас болса, яғни оған сол қаланың әрбір тұрғыны кінәлі» деген қағиданы ұмытпайық



Бойцы «Жасыл ел» и отряды «ЭКОСАРБАЗ» проводят работы по благоустройству, покосу травы, обрезку сухостойных кустарников, очистку улиц и берегов озера от мусора, а также покраску. Данные отряды «Жасыл ел» и «ЭКОСАРБАЗ» в рабочие дни недели ежедневно в течение 8 часов проводят уборку мусора на территории города, несмотря на жару и непогоду. Приглашаем всех оценить труд молодежи, которая трудится с позиции «мусор не мой, но город Наш!» Приглашаем всех содержать в чистоте наш город, двор, набережную нашего озера



Не будем забывать принцип «если Ваш город грязный, то в этом виноват каждый житель этого города»

Источник: @prio_jastary



Қала жаңалықтары

“Аулаға шығып ойна” акциясы



«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Балалар жылы» аясында бастау алған «Jastar Fest» байқауы аясында 5 тамыз күні Рақымжан Қошқарбаев көшесінде орналасқан шағын футбол алаңында «Аулаға шығып, ойна» атты акция ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – Приозерск қаласының жас балалары мен жасөспірімдері арасында салауатты өмір салтын насихаттау және оларды спортқа тарту болып табылады. Шара барысында эстафеталық сайыс ұйымдастырылып өткізілді. Жұлделі орын алған командаларға естелік сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар сайыстың көңілді әрі қызықты өтуіне белсене ат салысқан барлық қатысушыларға тегін балмұздақтар таратылды. Жалпы іс-шараға 30-дан астам бала қатысты.



Сонымен қатар сайыстың көңілді әрі қызықты өтуіне белсене ат салысқан барлық қатысушыларға тегін балмұздақтар таратылды. Жалпы іс-шараға 30-дан астам бала қатысты.

Приозерск қаласының
жастар ресурстық
орталығы

Повышения доходов населения согласно программе об обеспечении стабилизации цен, принятии плана обеспечения продовольственной безопасности на 2022-2024 годы.

Еженедельные сельскохозяйственные ярмарки стартовали с 19 марта 2022 года в городе Приозерск и проводятся каждую субботу.



В городе проводятся еженедельные сельскохозяйственные ярмарки, которые будут проходить по субботам.

Еженедельные сельскохозяйственные ярмарки проводятся с участием предпринимателей и оптовых реализаторов городов Тараз, Чу, Алматы, Балхаш и города Приозерск.



На ярмарке представлен разнообразный ассортимент продукции: ово-

щи, фрукты, молочная продукция, мясо и другая продукция.

Здесь присутствуют продукты первой необходимости, цены приемлемые с учетом доставки, дорожных расходов.

По словам самих жителей города, продукция реализуется быстро, а цены указываются ниже рыночных на 10-15 процентов.



При этом основная часть предпринимателей уже не первый год участвует в ярмарках.

На 8 августа текущего года проведено 21 сельскохозяйственных ярмарок.

Работа по обеспечению города продовольственными товарами ведется на постоянном контроле.

ГУ Отделом предпринимательства и сельского хозяйства г.Приозерск

Дорога в школу



Балалар жылы 2022

С 1 августа 2022 года в КГУ «ОШ #2» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области стартовала ежегодная республиканская акция «Дорога в школу». В этом году республиканская акция «Дорога в школу» проводится в рамках реализации Года детей, объявленного Указом Президента Республики Казахстан от 19 января 2022 года №780 в целях обеспечения охраны прав и защиты интересов детей. В этом году она стартовала под девизом «Дорога в школу - Добро без границ».

Первое сентября - это праздник для всех детей.

Подготовить ребёнка к школе, купить все необходимое - дело весьма затратное. Особенно тяжело приходится семьям, где воспитываются сразу несколько детей, а также семьям, оказавшимся в сложной жизненной ситуации.

Цель благотворительной акции «Дорога в школу» - это оказание материальной поддержки школьникам из малообеспеченных и многодетных семей, детям-сиротам, а также детям,

оставшимся без попечения родителей, во время подготовки к началу учебного года и предупреждение неявки детей в школу по социальным причинам.

У акции благородная миссия. Помогая другим, мы становимся лучше и добрее, и наградой для нас служат улыбки и радость в глазах детей.

Если каждый житель Казахстана не останется равнодушным к детям из малообеспеченных семей, то посещаемость в школах увеличится, а значит, и возрастёт уровень образования в целом, что позволит нашему государству процветать и развиваться.

Спонсорам, желающим оказать помощь учащимся вышеуказанной категории в 2022-2023 учебном году, просим обращаться по адресу ул. Достык 23 каб.7, тел.5-29-62.

Давайте вместе поможем всем детям найти дорогу в школу!

*Заместитель директора по воспитательной работе
Кузнецова Ольга Александровна*

Үш тұғырлы тіл саясаты-жастардың жарқын болашаққа жолы.



**Қазіргі қазақстандақ үшін үш тілді менгеру-бұл өз игілігінің кепілі.
Н.Ә.Назарбаев**

«Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді». Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, қасиеті шексіз. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, дариды. Тіл байлығы-әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұрасы. Демек, әр адам ана тілін көзінің нұрындай қорғауы тиіс.

Ұрпағымыз бірнеше тілді меңгерсе несі айып? Қазақ тілі - ана тіліміз болса, орыс тілі - ресми тіл, ағылшын тілі - халықаралық қатынастар тілі екендігін әрбір көзі ашық азамат түсінеді. Иә, қазақ тілін сүю, құрметтеу, қадірлеу әр қазақтың қасиетті борышы. Үш тілде білім беруді Қазақстан мектептері егемендік алғаннан бері біртіндеп тәжірибеге енгізіп келеді. Ол қазақ түрік лицейі мен Назарбаев зияткерлік мектептерінде жүзеге асуда. Нәтижесі керемет!

Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, соларды бір бірінен даралап тұратын басты бойтұмары - туған тілі. «Әр халықтың ана тілі - білімнің кілті», - деп Ахмет Жұбанов тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түсті. Ана тілінің құдіреті жайлы қаншама ойшыл, ақын жазушыларымыз, даналарымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап, аналарымыз әлдейлеп өскен қазақ тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде.

«Өз тілің - бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін». Жетті жұрттың тілін біліп қамдансақ, бәсекеге қабілетті елдермен тереземіз теңесетін болады. Жеке тұлғаның көкжиегін кеңейтетін үштілділік бойынша білім алу бүгінгі жастарға артылып отырған басты міндет және бәсекеге қабілеттіліктің алғышарты болып табылады. Үш тілді жетік менгеру бүгінгі күннің басты қажеттіліктерінің бірі.

Үш тілді оқыту - заман талабы. Үштілділік бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның болашақтағы өмір белесінен, білім кеңістігінде алары да, берері де мол.

*«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ
библиограф Мукушева Г.К.*

Әскери борыш – абыройлы міндет



Тәуелсіз еліміздің тұғырын биік, іргесін берік ұстау әрбір азаматтың абыройлы міндеті. Приозерск гарнизонының 06708 әскери бөлімінде далалық оқу-жаттығу жиыны өтті.

Жиын барысында әскери міндеттілер Исин Айдар, Алдияр Манкенов және Козлов Никита салтанатты түрде ант қабылдады.

Шараға «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасары полковник Әсет Оразалин және Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Жасұлан Абеков қатысты.

Әскери ант қабылдау – сарбаз өміріндегі ұмытылмас оқиға. Ант қабылдағаннан кейін әскерилер кіші мамандарды даярлау бағдарламасы аясында жауынгерлік дайындықты

пысықтап, толыққанды Отан қорғаушылары атанады. Жалпы, жиын кезеңінде әскери міндеттілердің жұмыс орны, лауазымы, оған сәйкес келетін орташа айлық жалақысы сақталады. Сондай-ақ, ол республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін болады. Әзірге әскери міндеттілер жүк-тиеу машинисті, ТОО «Қарағанды Жарық» мекеме қызметкері және алғашқы әскери техникалық дайындық пәнінен сабақ беруде.

Осындай жалындаған жас қырандардың қалың легі тұрғанда елді дау, жерді жау алмайтындығы анық.

*Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы
Думан Жұмашұлы*

«Қазақтың текті қыраны»

Әр азамат туған елінің өткені мен бүгінгі біле отырып, болашаққа қадам басады. Болашаққа рухани мәдениетімен қатар, ұрпағының ұлттық қасиеттерін сақтауда тарихын үлгі етеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тарихи оқиғалардың баса ауқымдысы-Ұлы Отан соғысы. «Ер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды», - деп дана халқымыз айтқандай, қан майдандарда қол бастап, елдің намысын жауға тапталпаған батыр бабаларымыз аз емес. Солардың бірі- көк жүзінде қаһарман ерліктердің ерекше үлгісін көрсеткен, аты аңызға айналған айтулы тұлға, Отан қорғаудың өшпейтін өнегелі ізін қалдырған батырымыз-Талғат Бигелдинов.

Осыған орай бүгінде есімі ел есінде мәңгі қалған Авиация генерал-майоры, «Барыс» орденінің иегері, Кенес одағының екі мәрте батыры атағын алған алғашқы қазақ, белгілі ұшқыш Талғат Бигелдиновтің туғанына 100 жыл тоуына орай, «Қазақтың текті қыраны» атты тақырыпта еске алу кеші болып өткен болатын. Мақсаты: қазақтың текті қыраны атанған Талғат Бигелдиновтің өмір жолдарымен, ерлік істерімен таныстыра отырып, елін, жерін қорғаған батырларды құрметтеп, олардың ерлігін мақтаныш етуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу болатын.

Жеті қат көкте жаумен қисапсыз жағаласқанда жүрегі әсте шайлығып көрмеген, ел бағына туған қаһарман ұланы Талғат Бигелдинов-Бұрынғы Ақмола, Қараөткел төңірегіндегі Атақоныс, қазіргі Астана әуежайының орнын-

дағы ескі Майбалық ауылында, Бигелді карттың өулетінде дүниеге келген.

Шындығында да, Талғат атамыз Отанды сүйе білудің, еліне, ұлтына, халқына адал да таза күйде өлшеусіз қызмет жасай білудің символына айналған, ел басына ауыр күн туған тұста жиырма екі жасында қаһарман ерлік пен әскери шеберліктің таңғажайып үлгісін көрсете білген қаһарман. Міне, сол арқылы өзін ғана емес, қазақ халқын әлемге танытып, өшпес даңққа бөлеген, қысқасы оның алтын әріппен жазылған аты да, заты да тірі кезінің өзінде аңызға, абызға айналған ең айтулы біртуар, абзал тұлға екені хақ.

Әскери өуе жолдарын бағындырған, аспан адамы атағына ие болған қаһарман атамыздың есімі әлдеқашан-ақ сол аспан биігіне дейін шарықтап кеткені де хақ.

Қорыта келе, «Жанашыл ұлдан Отаншыл ұл артық», -деп Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай, Анталаған жауға тұтқиылдан соққы беріп, 305 рет көкке көтерілген есіл еліміздің ерлікпен жеткізген ұлы жеңісіне тағзым етіп, әрбір бейбіт күніміз үшін, қатары сиреп қалған ердегерлерімізді қадірлеп, бас иіп жүрейік! Мандайына ерекше тағдыр жазылған қазақтың осындай арда азаматы болғанына мың да бір шүкіршілік айтамыз. Қарт қыранға қарап бой түзейтін ұлан-ұрпақтарымыз мол болсын!

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ Оқу бөлімінің кітапханашысы:

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Өз басым жағдайыма қарай алыс сапарға шыққанда ең ыңғайлы да, жайлы көлік ретінде поезды таңдаймын. Әрі поезда әртүрлі, әр қиырдан сапар шеккен адамдармен танысып, білісіп, сұқбаттасасың, жол қысқарады, таныс арттырасың, неше түрлі тағдарларға куә боласың дегендей... Ол үшін өзін де жұртты әңгімеге тартып, аузына сөз салып отыруың қажет. Мамандығыма сай көпшіліктен тіл табысу, сөзге тарту, мейлінше назар аудару тыңдау мәселесінде еш мәселе жоқ емес. Осындай бір сапарда онтүстіктің тумасы, орта жастағы әйелмен сапарлас болдым. Кісіні бөтенсімейтін, көңілі ашық, жайдары, тәрбиелі жан екендігі сәлемдесуінен-ақ байқалған. Жол алыс болғасын, дүңгіршектен алған газет-журналдарыма үңілдем. Көрші әйел мен қарсы беттегі апай бұрыннан таныс секілді, олардың әңгіме ауаны қазіргі хәм бұрынғы келіндер жайына бағытталды. Құлақ түре отырып, ақырында әңгімеге өзім де араласып кеттім. Одан әрі жаңа танысым өзінің өмір тарихын еш бүкпесіз, сол калпында баяндауға көшті. Айналадағы алты адам оның әңгімесіне қалтықсыз құлақ түрдік...

— Жасыратыны жоқ, енесін жау көретін келіндер көп. Шынымды айтсам, сондай келіндердің бірі өзім едім, - деп бастады болған хикаяны. — Енемнің айтқан әрбір сөзі құлағыма түрпідей тиетін, жүрегіме инедей қадалып, жаным ауырушы еді. Мейірімсіз, сараң адам деп ойлайтынмын. Себебі ол сұрамсақ көршілерді жек көретін. Ешкіммен ештеңе ауыспайтын. Ал мейірімсіз дейтінім, маған жаны ашымайды деп ойлайтынмын. Түнде бірнеше рет оянып бала емізетініме қарамастан, таңертең ерте тұруымды талап ететін және бөлемді бесіктен шешкізбейтін. Менің шамам келмейтін ауыр текеметтерді апта сайын шығарып, шанын қаққызатын. Көктем шығысымен жер тырмалап көкөніс көшеттерін отырғызуға кірісетінбіз де, күз түскенше тыным таппайтынбыз. Тіпті шілденің шілінгір ыстығында да ұйқыға жатпайтын. Енем жата қоймаған соң, үндемей бөлмеге кіріп

кетуге менің де ұятым жібермей, қасында жүруші едім. Жасы алпыстан асып кетсе де, ширақ қимылдайтын, ағаш жарып, кетпен шабуға шаршамайтын, қарулы кісі еді. Қорада ұсақ малы, тауығы, сиыры бар. Таңертең ұйқыдан тұрысымен қым-қуыт тіршілік басталып кетеді. Сиыр сауу, сүт пісіру, күбі пісу, табаға нан жабу, самаурынға шай қою, осылай жалғасып кете береді...

Ет таусылған күні мал сойылады, ол күнгі тірлік тіпті қиямет. Ішек-қарын аршу, бас-сирақ үйіту, ет тұздау. Жаз айларында банка жабу. Күн сайын қайталанатын бір тірлік, шеті де, шегі де жоқ. Бірақ осының бәрін жалғыз істемеймін, үнемі жанымда енем жүреді. Шала істесем, алдымен ұрсып тастап, кейін қалай істеу керектігін үйретеді. Әйтсеуір енемнің үйінде өзімді құлдыққа жүргендей сезінетінмін. Іштей «сонша малды неғылмақшы, сатып жібермей ма, нанды сатып алып жеуге де болады ғой, ыстық отқа қақталып күнге жаба бермей. Банканы жапқанымды қайтейін, қыздарына беріп жібереді, маған түк пайдасы жоқ» деп ойлаймын. Осындай мазасыз ойларымды күйеуіме де айтам. Ол үндемейді. Не керек, мен бөлек шығуға асықтым. Онда да қалаға кетемін дедім. Бөлек шықсам, қалада тұрсам өз қалауымдағыдай өмір сүремін деп ойладым.

Қалауым да болды. Қалада бізді күшәк жайып күтіп отырған ешкім жоқ, бастапқыда пәтер жалдап күн кештік. Кейде пәтер иелерінің қойған талаптарымен келіспей, сөзге келіп қаламыз. Күйеуімнің азын-аулақ табысын тамаққа, пәтерқағыға, жолақыға деп бөлеміз. Оның арасында тындап жинап, керекті заттарымызды сатып аламыз. Үйімізге бір зат алып қоссақ қуанып, келесіні әлі біраз күтуімізге тура келетін кездер көп болды. Өзін тындап жинап, өзгергенде сатып алған затыңды көршің сұрап алып, бұзып берсе, қалтаң да, жүйкең де жұқарады екен. Осындай жағдай менің басымда екі рет орын алды. Бір көршім нан жабатын пешімді, екінші көршім үтігімді күйдіріп әкеліп берді. Ор-

нына жаңасын әперу олардың ойына кіріп те шыққан жоқ. «Керек затымды бұзып қойдың, жаңасын сатып әпер» дегенім үшін өзім жексұрын болып қалдым. Енемнің «сарандығының» сырын сонда түсіндім.

Күйеуімнің табысы жетпейтіндіктен, өзімнің де жұмыс істеуіме тура келді. Балаларымды бақшаға орналастырып, жұмысқа шықтым. Екеулеп жұмыс істеп, тезірек баспаналы болуымыз керек. Бірақ қанша жұмыс істесек те, қаладан пәтер сатып алуға шамамыз келмеді. Содан кейін қала іргесіндегі ауылдан жер сатып алып, шағын баспана тұрғыздық. Бұл кезде ата-енем дүниеден озған. Қол ұшын созатын ешкім жоқ. Өз арбамызды өзіміз сүйреуге тура келді. Үй болу оңай шаруа емес екен, әшейінде елеп-ескере бермейтін шеге мен сымға дейін сатып аласың. Осылай әуірімдеп жүріп, үйлі де болдық. Енді ақыры ауылға келген соң, бау-бақша егу керек, мал ұстау керек. Ауылды жерде тұрып, балаларың бақшадан помидор мен бөдіренді өздері жұлып жемесе, шие мен өрік термесе несі қызық? Қысқасы, арада біраз жылдар өткен соң енемнің үйінде азап көрген тіршілігімнен қайта қауыштым. Бірақ оңайлықпен емес. Үйге керек әр затты алу үшін тынымсыз еңбек етуге, ұйықтамай, демалмай жұмыс істеуге тура келді. Уақыт бір жерде тұрған ба, мен ақша жинап, үй саламын деп жүргенде балаларым да есейіп қалды. Енді оларды оқытып, мамандық әперуім, ұлымды ұяға, қызымды қияға қондыруым керек. Осылардың бәрін ойлағанда ұйқыма қашып кетеді. Күндіз дамыл тауып, демалмақ тұрмақ, түнде көз ілуден қалдым. Көктем мен күздің арасындағы маусымды пайдаланып қалу үшін енді мен де балаларымды ұйықтатпайтын болдым. Бірін бақшалықты арам шөптерден арылтуға жұмсасам, бірін малдың сонынан қуамын. Қысқасы, «өгізге туған күн бұзаудың да басына келді».

Қазір менің бойымда еңеме деген өкпелістің ізі де қалмаған. Қайта сағынамын, бір кездерде жастықтың әсерімен ол кісіні жек көргеніме ұяламын да. Қайта сон



дай еңбеккер, кез-келген істің көзін таба білетін пысық әйелдің келіні болғанымна қуанамын. Үйім мұнтаздай таза, дастарханым мол болса – ол енемнің көрсеткен өнегесі екен. Өзімнің әрбір іс-әрекетіме, мінез-құлқыма қараған сайын еңеме ұқсап келе жатқанымды байқаймын. Сондайда «Келін еңнің топырағын жаралады» деген сөзді ата-бабамыз қалай тауып айтқан деп таң-тамаша боламын. Осы күні сінділерім еңелерін жамандай бастаса, мен оларды тоқтатып тастайтын болдым. Бөлек шығу туралы тіпті де тыңдағым келмейді. Себебі біз жастықтың әсерімен «Үйлену оңай, үй болу қиын» екеніне мән бере бермейміз.

Менің түсінгенім, ең келінге жау емес, ол келініне инедей жаманшылық ойламайды. Қайта біз келіндер еңнің достығын дұшпандық ретінде қабылдап, жанашырлығын мейірімсіздікке балайды екенбіз. Сондықтан енесі бар келіннің бақытты екенін айтқым келеді. Еңеңіз жаныңызда жүрсе, қартаймасыңыз да анық. Тек өзіміздің бақытты барында бағалай бермейтініміз өкінішті...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

БӘРІ ДЕ АДАМДАР ИГІЛІГІ ҮШІН!

ПАНДУСТАР ТЕКСЕРІЛДІ



Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұсынысының негізінде, Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселелері бойынша кеңесшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Қайрат Қайрағали, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Рахима Есенаманқызы Ахметова, аталған мекеменің әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшісі Фатима Жамбылбаева және Мемлекеттік қызмет көрсету және ақпараттық технологияларды дамыту саласындағы бақылау бөлімінің әдіскері



Тоғжан Талғатбекқызы Айдарханмен біргелікте ағымдағы жылдың 04-тамызында «Достық» шығармашылық орталығына, Приозерск қаласының білім бөлімі мен «Балбөбек» бөбекжайының тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсету сапасы туралы, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға, қоғамдық бақылау жүргізілді.



Рейдтік ісшара барысында аталған мекемелерде анықталған кемшіліктер бойынша ескертілді және оны қалпына келтіру бойынша ұсыныстар берілді. Алдағы уақытта аталған кемшіліктердің орындалуы бақылауға алынады және қоғамдық бақылау мүшелері тарапынан қайта тексерілетін болады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ҚАУІПТІ ІНДЕТТЕН САҚ БОЛ!

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ



Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауыруы немесе көкала-табиғи ошақтық аса қауіпті жұқпалы вирусты инфекция. Бұл аурудың аса қауіптілігі өлім-жітім көрсеткішінің өте жоғары болуы өлшемі 30-70 аралығында. Табиғи ортада ҚКГЛ кеңелердің және әр түрлі жабайы жануарлар мен үй жануарларының ағзасында болады. Ауырудың негізгі тасымалдаушысы – иксод кеңелері. Ауыру кеңе шаққанда немесе қыркым кезінде кеңелердің қаны арқылы не болмаса ауру адамның қанымен жанасқанда жұғады.

Ауырудың белгілері: Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы немесе халық аузында айтылатын «көкала» ауыруы тез басталады. Басталуы кез келген вирустық инфекцияда болатын бел-

гілермен сипатталады: дене қызуының күрт көтерілуі, бас ауыруы, тамаққа тәбетінің болмауы, буын мен белдің сырқырауы. Келесі күні лоқсуы, құсуы, іші өтуі, ине салған жерлері көгеруі, беті ісініп, қызаруы мүмкін. Ауырудың бірінші белгілері пайда болған жағдайда емдеуді мүмкіндігінше тез бастау керек. Егер сізді кеңе шаққан болса, міндетті түрде тұрғылықты жер бойынша емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгінуіңіз қажет.

Табиғи ошақтарындағы адамдарға кеңелердің шабуылынан жеке қорғау үшін арнайы киім кию ұсынылады: қалпақты комбинизон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу және резенкелі манжетті жеңі бар койлек кию ұсынылады. Саяхатшылар және балалар табиғатқа демалысқа шыққан кезде кеңенің жабысқаны көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған киім, аяқ киім, бас киіммен қамтылу керек. Кеңе малдың үстінде болатындығын ескере отырып, малды кеңеге қарсы егіп, мал қорада кеңеге қарсы улау жұмыстарын жүргізу қажет.

Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

ДӘСТҮР МЕН ДІН – САБАҚТАС!

Бүгінгі таңда таяз ойлайтын және сауаты жеткілікті көптеген адамдар дәстүр мен діннің сабақтастығы жөнінде мүлде ойламайтын сияқты немесе соған қарым-қабілеті жетпейді. Тіпті ислам дінін былай ысырып қойып, әртүрлі діни ағымдардың жетегінде кеткенін байқап жүрміз. Қазақ халқы ежелгі заманнан-ақ көк Тәңіріне жалбарына келіп, кейіншілік ислам дінін ұстанғаны белгілі. Олай дейтініміз, тарихтан белгілі Керей мен Жәнібек хандық құрғаннан бастап, одан алдыңғы Ақ Орда мен Алтын Орда дәуірінде, Қарахан мемлекеті тұсында еліміздің аумағына ислам діні кең түрде таралған болатын. Ұлт ретінде ұйысып, өркениетке ие болуымызға, салт-дәстүріміз бен дініміздің біте қайнасып сабақтасуы осы – ислам дінінің ықпалы деп білеміз.

Ислам діні этикалық тұрғыдан қарастырылғанда өзгешелігі, оның адамгершілік құлықты басқа әлеуметтік қатынастарды реттеуші, қоғамдық сананың түрлерінен бөліп жармау, мұндағы айтпағым, қоғамдық сана ол – діни рәсімдер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, мәдениеті, діні арқылы қалыптасқан ұлттық өмір салты бар. Кезінде салт-дәстүр санасында, әдебиет, тарих оқулықтарында, баспасөз, көркем өнерде бейнеленгенімен, оларды кенінен қолдану кеңестік идеологияның өктемдігінен жойыла бастады. Өкінішке орай, ұлт ретінде өзіміз де ұлттық әдет-ғұрыпты, салтымыз бен дәстүрімізді қорғауға, берік ұстануға табандылық пен ұстамдылық көрсете алмадық һәм ата-бабадан қалған алтын жолдан тайқыдық. Кеңестік идеологияның ықпалымен қазақ тұрмысы жартылай батысша-орысша, жартылай қазақы болды. Батысша демекші, сол батыстың бізге дәл қазіргі кезде технологиясы керек шығар, бірақ, мәдениеті, ұстанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бір тиынға да қажеті жоқ. Қазіргі кезде жастардың батысқа қызығуы мен еліктеушілігі қазақы мінездің өзгеруіне алып келеді. Мінез өзгерсе – дәстүр қай-

да, салт қайда, тәрбие қайда екенін таппай қалатынымыз ақиқат. Мұны қазір көзіміз көріп отыр. Ал, қызығушылық пен еліктеушілік – жастардың жат ағымға кіріуіне бірден-бір себепші екені айдан анық. Соның кесірінен жастар арасында сөз мәнері, жүріс-тұрысы, киім киісі, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді адами құндылықтары айтарлықтай өзгеріске ұшырады.

Дің дәстүр, салт, ырым-тыйым – мұның бәрі өте тығыз байланыста, сабақтастықта. Оның мәнісі: исламға дейін арабтарда ырымға илану орын алған. Мысалы, олар жолға шығарда тыныш отырған құсты үркітіп ұшыратын. Егер құс оң жаққа бет алатын болса, сапарға шығуды дұрыс көрген, ал сол жаққа ұшатын болса, сапар сәтсіз болады деп сенген. Сол сияқты кейбір жандар қара мысықтың жолын кескенін көрсе, жолаушылығы сәтсіз болады деп болжаған. Қазіргі кезде жана түскен келін отқа май құяра «От ана, май ана, жарылық!» деп айтпаса да, бұл ырымның өзі шаманизмнің сарқыншағы екені сөзсіз. Тағы бір мысал келтірейін: «Түнде тырнағыңды алма, жаман болады» деп жатады. Шын мәнінде, бұл ырым емес. Бұл – қазіргідей жарық шамы жоқ әрі ыдыс-аяғы мен жатын орны жақын орналасқан кішігірім қазақы үйде ғұмыр кешкен халықтың гигиеналық сақтануынан туындаған ұстаным. Себебі, қараңғыда алынған тырнақтың ыршып ыдыс-аяққа түсіп, одан әрі адамның ішіне кетуі қауіпі бар деп есептеген. Сол секілді, «Үйге қарай жүгірме немесе атпен шаппа жаман болады» деген де бар. Бұл да ырым емес, үлкен этикадан туындаған тыйым болып саналады. Көбіне жау шапқанда хабаршы жай жүріске салмай шауып келетін болған. Сондықтан тыныштық уақытта үйге қарай шауып келу – елдің жүрегіне үрей салу болғандықтан, осылай тыйымдарды ата-бабамыз айттып отыратын болған. Шындығына келгенде, бұл жерде тұрған ешқандай сәкеттік жоқ, ұрпақ үшін тәрбиенің бір белгісі ғана. Осы күнгі мүрт қоймай, сақал өсіріп, шалақ шалбар киіп, алақанын сыртқа қарата бата қылып, әуақтардан безіндіруге үндеп,

бейсенбі, жұма күндері жеті шөлпек пісіріп, иіс шығарғанға қарсы болып жүрген жігіттер мен қап-қара матаға оранып жүрген қыздарымыз бұндай әдетті қайдан алды? Қазақ халқында бұндай теріс қылықтың болмағанын білмей ме? Олар ата-бабадан мұра боп қалған құндылықтарымыздан теріс айналып, қайда барады?.. деген сауалдар әрбір дені дұрыс адамды ойландырады, тіпті, шошындырады. Биылғы қаңтардағы бейбіт шерудің шырқын бұзып, қантөгіске ұластырғандар «Тәуелсіздік алғаннан кейін сырттан енген уахаб, сәләб секілді ағымдар жетегінде кеткендердің кесірінен болды...», - деген сөзді жиі есітіп жүрміз. Сол жат ағымдар ықпалымен Сириядағы соғысқа аттанған қаншама жастарымыздың өз жандарын құрбан етуге шейін барғаны қазір жасырын емес. Ата жолынан безгендегі тапқаны осындай «жұмақ» па?..

Ендігі айтпағымыз, дастархан басында берілетін бата туралы. Негізгі баталар имандылық, адамгершілік, аман-есендік, бақыт, қуаныш, күт-берекені күтуге шақырады. Батаны ауыл ақсақалдары мен қариялар беретін болған. «Жауымнен жер көгерер, батаменен ер көгерер» деген мәтелдің шығуы тегін емес. Дін мен дәстүрдің сабақтастығы деп осыны айтуға болады. Дінді дәстүрден, дәстүрді діннен бөліп қарауға болмайды, себебі, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары дін мен өте тығыз байланыста болғандығын осы келтірген мысалдардан аңғарамыз.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде көтерілген дінге қатысты тақырып XIX ғасырда қазақ ағартушы-демократтарының жазба әдебиеттерінен де үлкен орын алғанын айта кеткеніміз жөн болар. Дінге қатысты халықтың еркін қиялынан туған шығармаларға белгілі ғалым Шоқан Уәлиханов ерекше мән берген. Шоқан тек ислам діні емес, діннің басқа түрлеріне де терен талдаулар жасаған. Осы секілді Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ғалымдар мен жазушылар өз шығармала-

рында дін туралы тақырыптарды арқау еткен. Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына көз жүгіртсек «Дін», «Қисық қабырға», «Неке қияр», «Айт» сынды тақырыптағы туындыларды кездестіруге болады. Ал, дінді өздеріне тап құралы ретінде пайдаланған билеуші топтардың қаскөйлігін Абай тек өлеңмен емес, асыл ойлы өткір сөздерімен де түйреген. Олардың мал мүлікке, байлыққа табынған арам ойларын беттеріне басқан. Абай шығармасында: «Байлар өзінде жоқты малмен сатып алады. Көңілдері көкте, Көздері аспанда. Адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, ешнәрсе малдан қымбат демеуді» - деп ашық айтады. Діннің ең қауіпті әрі кеселді жағы – біреуді көліп, біреуді мұсылман деп ұлт араздығын тудыру саясатын қоздыру еді. Абай да бұған соққы берді. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да бәрі орыста зор... Орыстың тілін білсең, көкірек, көзін ашылады... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» - деген сөзін сол замандағы орыс ішіндегі білім-ғылымның дамуына сүйеніп айтқанын байқаймыз. Абай дана айтқандай, дінді өз пайдасына, өз мақсатына пайдаланып, жастарды бұзып жүрген жүгенсіздер арамдықта әлі де бар. Бұны да байқап, көріп жүрміз. Жоғарыда мысалға келтірген жастар осындайлардың соңынан ергендер.

Келешегіміз жарқын болу үшін, жас ұрпақ өткенді, ата-баба мұрасын білуі қажет және салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыпымызды жоғалтпай сақтап, заман ағымына қарай жақсы жетілдіріп отырсақ нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен идеологияны күшейту, ақсақалдық институтты өмірімізге мықтап енгізу, үгіт-насихатты ұлғайту секілді зор ісшаралар балабақшадан бастау алуы тиіс.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер
Одағының мүшесі, ақын

«БК«Сине Мидас Строй» ЖШС

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Бұрабай көшесі, ғимарат 139 Б, кенсе 30.
Тұрғылықты мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Шығыс Айтматов көшесі, ғимарат 46.
Тел/факс: 8 (7172) 24-80-30/31/32
www.sinemidas.com
E-mail: info@sinemidas.com



Сине Мидас Строй

ТОО «СП«Сине Мидас Строй»

Юр. адрес: Республика Казахстан, Актюбинская область, г. Актөбе, улица Бұрабай, д.139 Б, офис 30.
Факт. адрес: г. Нур-Сұлтан ул. Чингиз Айтматова, здание 46.
Тел/факс: 8 (7172) 24-80-30/31/32
www.sinemidas.com
E-mail: info@sinemidas.com

Хабарландыру!

13.09.2022 ж. сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Приозерск қ.ә., Приозерск қ., Пушкин көш. 7 мекен-жайы бойынша «Қарағанды облысының Приозерск қаласының әкімшілік бағыныстағы жерлерінде, Шет, Ақтоғай аудандарында орналасқан, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін, «Балқаш – Бұрылбайтал» учаскесін, 1955- 2005 «Тасарал- Сарышаған» 11 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары (№3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 2, СМС 3, СМС4, СМС 5, СМС 7, Приозерск-камень) бойынша Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына ашық жиналыс

әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Сине Мидас Строй» БК», Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Бұрабай көш., 139 Б. Тел.+7778731115, e-mail: info@sinemidas.com.

Әзірлеуші «Жетісу-Жеркойнауы» ЖШС, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., көш. Алмалы, 6, тел. 87085216419, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қабылданады:
• <https://ecportal.kz/>
• «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел8(7212)56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Объявление!

13.09.2022 г. в 11.00 часов по адресу: Карагандинская область, г.Приозерск, ул. Пушкина 7 проводятся общественные слушания методом открытого собрания к Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к Плану горных работ по добыче ОПИ на 11 участках (№3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 3, СМС4, СМС 5, СМС 7, Приозерск-камень), расположенных на землях административного подчинения г. Приозерск, в Шетском и Ақтоғайском районах Карагандинской области, используемых для реконструкции международного транзитного коридора «Западная Европа – Западный Китай», участок «Балхаш – Бұрылбайтал», км 1955-

2005 «Тасарал-Сарышаған» Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Сине Мидас Строй», Актюбинская область, г. Актөбе, ул. Бұрабай, здание 139 Б, тел.+7778731115, e-mail: info@sinemidas.com.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жеркойнауы», Алматинская область. Карасайский район, г. Каскелең, ул. Алмалы, 6, тел. 87085216419, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются:
• <https://ecportal.kz/>
• ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», тел. 8(7212) 56-81-66,

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №5/5, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.